

# Н ТУЫ

НІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

декабрь Жексенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын

Алматы қаласы, 20 декабрь 1952 жыл.

## Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауын өткізу туралы

### Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының У К А З Ы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді: Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауы 1953 жылғы 1 мартқа, жексенбі күнге тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының  
Председатели Д. КЕРІМБАЕВ.  
Секретары Э. ӘМРИЕВ.

## Комиссиясы

...лықпен қарап келеді. ...дықтың ішінде үш ...н жүргізді. Тексеру ...рытындысы туралы ...лпы жыйналысында ...ездескен кемшіліктер- ...сіне колхозшылардың ...тырды. Көзір колхоз- ...шығару әзірлігіне зор ...ұл сыяқты өз жұмы- ...тексеру комиссиялары

комиссияларының жү- ...е өз дәрежесінде деп ...өптеген колхоздардағы ...ры өздеріне жүктелген ...арайды. Мамлют аудан- ...ндағы колхозында мал ...ісінде көзбояушылыққа ...айтқанда, дайындалған ...ағыдан мәліметте ар- ...тіп, колхоз басшылары ...көлеңкесінде жүріп, ...ікті мөлшерде дайын- ...анбай, жайбарақаттық- ...ың салдарынан көзір ...зығы тапшы болып

ндағы «Қазақстанның ...хозында мал азығын ...фактысы бар. Мұнда ...амдық малға деп да- ...тнер шөп жоқ болып

# Қазақстан КП облыстық комитетінің II пленумы

Жуырда Қазақстан КП облыстық коми- тетінің II пленумы болды. Пленум «Қа- зақстан КП Орталық Комитетінің II пле- нумының «Республиканың мал шаруашы- лығын оған әрі өркендету шаралары тура- лы» қаулысын орындау жөнінде облыс партия ұйымының міндеттері туралы» мәселе талқылады. Бұл мәселе жөнінде облыстық партия комитетінің секретары **Бобров** жолдас баяндама жасады.

—Коммунистік партия, совет үкмегі және Сталин жолдастың өзі, — деді баяндамашы, — республикамызда мал шаруашылығын өркендетуге жете назар аударып, зор көмек көрсетіп отыр. Респуб- ликамыздың және облысымыздың ауыл- шаруашылық техникасы мен құрылыс ма- териалдарын жыл сайын көптеп алуы бұ- ған айқын дәлел бола алады. Белесі жылы республика мен облысымыз көп ауылшар- уашылық машиналарын, құрал-сайман- дары мен құрылыс материалдарын алады. Партия мен үкметіміз бұл көмекті көрсете отырып, біздің алдымызға мал басын кө- бейтіп, оның өнімділігін арттыру, қоғам- дық мал үшін тұрақты жемінен қорын жасау, малға жеткілікті қоралар салу, мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек- тетін жұмыстарды мұқият атқару мін-

детін жұмыстарды мұқият атқару мін- детін жүзеге асыруға қажетті шаралар қа- тап сақтау, мал фермаларын маман ка- ддрлармен толықтырып, оларды тұрақтан- дыру мәселелеріне тоқталды.

Бобров жолдас өзінің баяндамасының соңын партияның XIX съезінің материал- дарын насихаттау, съездің қарарларын орындау, партиялық-бұқаралық жұмысты жақсарту беру, кадрларды іріктеп алу, орналастыру, мал шаруашылығын өркен- дету жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, колхоз, совхоз партия ұйымдарының ролін арттыру, сын мен өз- ара сынды өрістетуге мәселелеріне арнады.

Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының міндеті —жұмыстағы кемшіліктерді тез жою, ауыл шаруашылығына басшылық дәрежесін арттыру, мал қыстатуды үлгілі өткізіп, мал шаруашылығын өркендету жоспарының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Бобров жолдастың баяндамасы бойын- ша жарыссөз болды.

Мамлют аудандық партия комитетінің секретары **Закирченко** жолдас бірінші бо- лып сөз сөйледі. Ол ауданда мал шар- уашылығының жайын толық баяндай ке-

тасу үшін біздің ауданымызға қажетінше тракторлар бөлуге міндеттеді. Бірақ, Омеляненко жолдас бұл қарарды орында- мады.

Преснов совхозының директоры **Ларин** жолдас совхозда мал қыстатудың барысы жөнінде айтты. Сол сыяқты, ол жерді дұ- рыс пайдалану, тұрақты жемінен қорын жасау және шөп сүрлеуге баса назар ау- дару мәселелеріне тоқталды.

Петропавл аудандық атқару комитеті- нің председатели **Вибрав** жолдас аудан ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің партияның XIX съезінің халықтың мал шаруашылығы өнімдері жөніндегі және өнеркәсіптің шикізат жөніндегі талаптарын ойдағыдай орындау туралы қарарын қалай жүзеге асырып жатқандығын айт- ты. Аудан 10 декабрьге дейін мемлекетке ет тапсыру жоспарын орындап шықты, сүт тапсыру жоспарын орындауға жуық отыр. Ауданның алдыңғы қатарлы кол- хоздары мал шаруашылығының өнімділі- гін арттыру жолында күресе отырып, жақсы көрсеткіштерге ие болды. Мәселен, Сталин атындағы колхозда әрбір сыйырдан 1745 литр сүт сауылды. Осы колхоздың озат сауыншысы **Кайль** жолдас әрбір сауын сыйырдан 1900 литр сүт сауды.

Лосев жолдас партия оқуына қалаға таңғысыз басшылық жасап отырғандық партия оқуындағы кемшіліктерді бүркеу тырысатындығы үшін Ленин аудандық партия комитетін қатты сынады. Быйғы жылы көктемде, деді ол, облыстық партия комитеті Приешім ауданында Владимирск оқу үйінің есебін тыңдады. Бұл оқу үйінің жұмысы көпшіліктің ни- лігіне айналдыруға лайық еді. Приешім аудандық партия комитеті Владимир оқу үйіне оның жұмысын жақсартуға көмектесіп, бұл оқу үйінің тәжірибесін а- данның барлық мәдени-ағарту мекемел- ріне таратады ғой деп сенуге болатын е- ді. Бірақ, іс жүзінде олай болып шықпады. Осының салдарынан Владимирск оқу үй- нің жұмысы бұрынғыдан едәуір нашар- лай кетті.

Лосев жолдас өзінің сөзінің соңын па- тияның XIX съезінің қарарларын және Сталин жолдастың «ССРО-да социализм экономикалық проблемалары» деген шы- ғармасын насихаттау мәселелеріне ар- нады.

Будан кейін сөз сөйлеген, Соколов аудан- дық партия комитетінің секретары **Бри- ков** жолдас ауданның ауыл шаруашылық қызметкерлерінің Сталин жолдасқа жа-



шіліктердің бетін деркесінде ашып, ел кемшіліктерді дереу жоюды ұйымдастыруда ерекше роль атқаруы керек.

Облысымыздың бірсыпыра колхоздарындағы тексеру комиссиялары өздерінің міндеттеріне осы тұрғыдан қарап, ойдағыдай жұмыс істеп келеді. Бұлардың қатарында Полудень ауданындағы «Парижская коммуна», «Путь к социализму» колхоздарын қосуға болады. Бұл колхоздардағы тексеру комиссиясының председателдері Касияник, Киев жолдастар тексеру жұмыстарын үнемі жүргізіп отырады. Есеп-қыйсап жұмыстарындағы кемшіліктерді деркесінде ашып, оның істе орын алуына жол бермейді.

Совет ауданындағы «Красное поле» колхозындағы тексеру комиссиясының председатели Абдрахманов жолдас та тексеру

жылдық есептің деркесінде және ойдағыдай шығарылуы, бір жағынан, тексеру комиссияларының ұқыптылықпен жұмыс істеулеріне байланысты. Егер тексеру комиссиялары кезірген бастап шаруашылықтың әр саласына тексеру жұмыстарын жүргізіп, нақтылы қорытындысын шығарған болатын болса, оның жылдық есептің дұрыс жасалуына айтарлықтай мүмкіншілік туғызатындығы сөзсіз.

Кезірген бүкіл колхозшылардың алдында тұрған ең негізгі міндет — колхоздардың қоғамдық меншігін қырағы қорғау, артель Уставының талаптарын берік сақтау, сойтіп, колхоздарды жаңа талапқа сай ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру болып саналады. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда колхоздардың тексеру комиссиялары зор роль атқаруға тиіс.

## 1953 жылдың есебіне

Съезд қарарларымен, кеменгер көсеміміз Сталин жолдасын съезде сөйлеген сөзімен және Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген даһияндық шығармасымен жігерленген қаладағы «Екінді» кәсіпшілік артелинің коллективі еңбек қарқынын күн санап арттыра түсуде.

Артель жылдық жоспарды 10 айдың ішінде аяқтап, жоспардан тыс 6 миллион сомның өнімін берген болатын.

Кім пілгу цехының стахановшылары Темірбаева, Әмина Галиева, Антонидя Окунева, Альфия Галиуллина, басқим тігушілер Калимулла Физатуллин, Гали Усманов

сыяқты стахановшылар еңбек өнімділігін еселеп арттыруда. Бұл жылдық өндірістік тапсырмаларын біржарым-екі есеге дейін орындап шықты. Артель коллективі 1953 жылдың есебіне өнім беруде.

Социалистік жарыста «Ударник» кәсіпшілік артели алда келеді. Артель коллективі жылдық тапсырманы Ұлы Октябрдің 35 жылдығына орындап шыққан болатын.

Жылдық жоспарларын «Пищевик», «Қазақстанның 10 жылдығы», «Красная партизан» кәсіпшілік артельдері де аяқтады.

**Р. ИХСАНОВА.**

## Жоспардан тыс өнім

Қаладағы «Галантерейщик» артелинің коллективі социалистік жарысты күннен-күнге өрістетудің нәтижесінде жалпы өнім шығару жөніндегі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын — 20 ноябрьде орындаған болатын.

Содан бері артель коллективі мемлекеттің 50 мың сомдық товарын үнемдеп, жоспардан тыс 200 мың сомның өнімін дайындады.

Социалистік жарыс барысында Иваненко және Абрещенко жолдастардың басқаруындағы бригадирлер алда келеді.

Артель коллективі қол жеткен осындай табыстарды баянды ете отырып, социалистік жарысты онан әрі өрістету арқылы жылы аяғына дейін 200 мың сомның өнімін шығармақ.

**Б. МАРЛИН.**

тия, совет ұйымдарының басшылары қатты сыналды. Аталған аудандар соңғы бірнеше жылдар бойы мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындай алмай келеді, мұның үстіне қоғамдық малдың шығына ұшырауына және талап-таражға салынуына жол берді.

Бобров жолдас мал қыстатудың барысы жөнінде баяндай келе, бірсыпыра аудандардың, колхоздар мен совхоздардың басшыларының өткен жылғы мал қыстатудың ауыр зардабынан тиісті қорытынды шығармай, жемшөптің талап-таражға түсуіне жол беріп отырғандығын, жемшөпті қыстаулар қасына тасуды, тыңайтып өңдеуді қанағаттанғысыз ұйымдастырып отырғандығын атап көрсетті.

Баяндамашы мал шаруашылығын өркендету жоспарының қанағаттанғысыз орындалуының негізгі себептеріне қорытынды жасап, көптеген колхоз, совхоз, МТС, ауылшаруашылық орындары басшыларының партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын өркендетуде мал шаруашылығын өркендетуді негізгі міндет етіп қойып отырғандығын әлі күнге дейін жете түсінбей отырғандығын, көптеген қызметкерлердің жоғарғы партия, совет органдарының қарарларына формальды түрде қарайтындығын, кездескен кемшіліктерді жою үшін, мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындап шығу үшін қажетті белсенділік және табандылық көрсетпейтіндігін айтты. Бұған Булаев аудандық партия комитетінің және оның секретары Курлов жолдасының жұмысы мысал бола алады. Аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжілісінде үстіміздегі жылдың 11 айы ішінде мал шаруашылығы жөнінде 32 рет мәселе қарады. Көптеген жап-жақсы қарарлар қабылдады. Бірақ, аудандық комитет олардың орындалуы жөнінде қамқорлық жасамады, мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындау жолында күресті қанағаттанғысыз жүргізді.

Бұдан кейін баяндамашы қабылданған қарарлардың орындалуын тексеру, партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау, есеп жұмысын үлгілі ұйымдасты-

ресесе, көрнекі үгіт мәселесіне жете назар аударуы қажеттігіне тоқталды.

Приешім аудандық партия комитетінің секретары Орлов жолдас өзінің сөзінде аса маңызды мәселелерді көтерді. Ол ауданның ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің партияның XIX съезінің қарарларын жүзеге асыра отырып, мал шаруашылығында орын теккен кемшіліктерді қалай жойып жатқандығын, олардың барлық түлік бойынша мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындап шығу, мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін қалай күресіп жатқандығын айтты.

— Мал шаруашылығын өркендетудің шешуші шарты, — деді Орлов жолдас, — жемшөп қоры болып табылады. Біздің жемшөп жөнінде облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің алдына қойған көптеген мәселелеріміз ойдағыдай шешілмей жүр. Құрылыс материалдары жөнінде олардың алдына қойған мәселелеріміз де шешілмей қалды. Бұл мәселе мал қораларының құрылысы басталған кезде, күзді күні шешілуге тиіс еді. Бірақ, ол болмады, осының салдарынан мал қораларын салу жұмысы жүзеге аспай қалды.

Орлов жолдас облыстық ауылшаруашылық басқармасының жұмысын әділ сында алды. Басқарма мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі мәселелерді ойдағыдай шешпей келеді. Біздің облысымызда, деді Орлов жолдас, малды асыландыру мәселесі де шешілмей отыр. Мал шаруашылығы алдыңғы қатарлыларының тәжірибелері барлық колхозшылар мен совхоз қызметкерлерінің игілігіне айналдырылмай келеді.

Булаев аудандық атқару комитетінің председатели Қизатов жолдас баяндамада Булаев ауданы басшыларының дұрыс сыналғандығын мойындаумен бірге, облыстық партия комитетінің өзі де қабылдаған қарарларының орындалуына үнемі жетісіп отырмайтындығын айтты. Мәселен, облыстық партия комитетінің бюросы облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы Омеляненко жолдасын жемшөп

атқарту жолдас жөнінде жылы отырлар машина мәселенің отыр.

Облыстық саяси жұмыс сарту мә көптеген кейбір а ретарлап тың мазе нең, жер те білме жұмысты ғана бар

«Қазақ дандық і шынында дағы үгі жете біл

Мамлю елеулі бі комитет Каганович лективі е деп хабар ті өзінің тивтің ж ды.

Ал, шеті текс дейін бір, съезінің

ме, не га тізімінде үгітші ек үйінің жұ тияның Х йынша ең дегі ради Партия у жолдас үт жүргізбей



# ҒЫНСЫЗ ШЫҒАРАЙЫҚ

★

## ту әрбір колхозда өткізілсін

### саттарына шолу)

ғамдық дағы жылқыларды аман сақтап, жылдық і арт-жылқыларды толық орындап шыққан.

Тілші Тараненко жолдас Возвышен совхозының № 3 бөлімшесінің коллективінің мал шаруашылығы саласындағы қажырлы ағыдай еңбегі туралы жазады.

—Бөлімше коллективі, — деп жазады ол. —кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді мінсіз орындау жасындағы күресті күшейте отырып, мал басын өсірумен бірге, оның өнімділігін өсілеп арттырды. М. Калинин, Ж. Садуақасова, Э. Думрава сияқты сауыншылар сүт дайындаудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға жетіскен.

Октябрь ауданынан тілші Б. Нурмағамбетов жолдас Жамбыл атындағы колхоздың № 2 бригадасында мал қыстату үлгісі өткізіліп келе жатыр, деп жазады.

Мұнда, әсіресе, жұмыс малдары осы күннен тыңғылықты күтімге алынған. Сондықтан олар қыстан күйлі өсіріліп келеді.

Мұнымен бірге, ауыл-село тілшілері облыстың кейбір колхоздарында мал қыстатудың нашар ұйымдастырылып отырғандығы жөнінде де жазады.

Мәселен, тілшілер Е. Есенбаев, Н. Смағұлов жолдастар Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхозда жемшен жеткіліксіз, мал күтімі төмен, басқарма мүшелері мал күтімін жақсартудың тиісті шараларын қолданбай жүр, деп хабарлайды.

Тілшілер И. Рамазанов, Я. Иванов жолдастар Булаев ауданының бірқатар колхоздарында мал өсіруде озаттар тәжірибесінің көптең игілігіне айналдырылмай отырғандығын хабарлайды.

—Үстіміздегі жылы, — деп жазады олар,

## Оқытушылар институтында

Партияның XIX съезінің қарарларында мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыру туралы алға қойылған міндеттерді орындай отырып, Петропавлдағы Ушинский атындағы оқытушылар институтының педагогикалық коллективі студенттерге политехникалық білім беру ісіне бағытталған бірқатар шаралар белгіледі.

Жуырда болып өткен кенесте оқытушылар «Политехникалық оқу және институттың алдағы міндеттері туралы» мәселе талқылады. Көзін барлық пәндер бойынша және басқа методикалық, лабораториялық жұмыстар жөніндегі жұмыс жоспарлары қайтадан қаралды. Оларға студенттерді өндіріс негіздерімен таныстыру, 5-7 класстарда негізгі сабақтан тыс жаратылыс, физика және химия сабақтарына қажетті аспаптарды өзбетімен жасауға үйрету жөніндегі тақырыптар енгізілді.

Институттың барлық бөлімдерінде радиотехника жөніндегі курстар ұйымдастырылған. Мұнда студенттер отандық радионың тарихын оқып үйренеді, радиотранзисторларын орнату және олардың жұмыс істеу техникасымен танысады. Студенттер Киров атындағы, шағын двигательдер заводтарында болып, өндірістің әралуан процестерін көрді. Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхозға экскурсияға барып келді.

Оқу жылының екінші жартысында институт студенттерді қағаз түптеуге үйрету, ал, жаратылыс-география және физика-математика бөлімдерінің студенттерімен шыныдан оқу аспаптарын жасау жөнінде сабақ өткізіледі. Педагогика кафедрасының жанында политехникалық оқу бұрышы ұйымдастырылмақшы. Сонымен бірге, екінші жартыжылдықта студенттер мен қала мұғалімдері үшін политехникалық оқу жөнінде лекциялар оқылатын болады.

С. ЕСКЕНДІРОВ.

## МОЛ КІРІС

Мамлют ауданындағы «Индустрия» ауылшаруашылық артели сүт сауу және мемлекетке сүт тапсыру жоспарын мерзі-

## Фельетон

# Дайыр Досмухаметович Хлестаков

Қолында үлкен қара портфелі бар бір адам Баян ауылдық Советінің кеңсесіне кіріп келді де отырғандарға «Мені көрдіңдер ме» дегендей сұқтана қарап тұра қалды. Бұл кезде ауылдық Совет сессиясының жұмысы жүріп жатыр еді. Мал шаруашылығы туралы сөйлеп тұрған, ауылдық Советтің председатели Қалин Исабай жанағы сұқтана қараған жуан портфельді адамды көріп:

—Есебі мал, есебі шөп, есебі қора, — деп сөзінен жаңыла берді. Ақыры ол сөзін тоқтатып, келген адамның сырт киімін шешіндіріп, құрмет көрсетумен болды. Сөйтті де:

—Мінекей, отыра қалыңыз, — деп оған орындық ұсынды.

Бірақ, бейтаныс адам отыра қоймады. Екі қолын қалтасына салып, ым.. ым.. деп ыңырсып түсіп, біресе есікке қарай, біресе төрге қарай ерсілі-қарсылы жүрді де қойды.

Исабайда да, басқаларда да үн жоқ. Бірақ, Исабайдың көз алдынан өз жұмысының кем-кетігі, олпы-солпысы елестеп өтіп жатты. Бұл адам солардың барлығын біле келген ғой, тегі ауданнан емес, не облыстан, болмаса республикадан келген болар деген ой Исабайдың мазасын кетіре бастады. Сөйтсе де келген кісінің кім екенін білгісі келген Исабай енді шыдай алмады да сыпайы ғана:

—Сіз кім боласыз? —деді.

Осы кезде әлгі адам қақпақты қалта сағатына бір қарап, екі қолындағы екі қол сағатына кезек-кезек қарап қойды да сөйлеп кетті. Сөйлегенде біресе облыстан, біресе Алматыдан, біресе Москвадан келген болып шықты. Ол өзін алғашқыда былай деп таныстырды:

—Мен облыстық «Ленин туы» газетінің меншікті тілшісімін, республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің тұрақты тілшісімін, Москвадағы «Крокодил» журналының тұрақты тілшісімін. Советтердің іс-

дық Советінің председатели Калинин ашықауыздығын баяндайтын бір оқыйға осындай.

\* \* \*

Күндердің бірінде Достаяв облыстық оқу бөліміне келе қалды. Келген бетінде облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары Залманов жолдасын кабинетіне кірді. Кабинетке кірген бетінде Достаяв әдетінше Залмановқа өзін таныстырып, сөйлей жөнелді.

—Көптенгі оқытушымын, жоғарғы дәрежелі білімім бар, аз уақыттың ішінде ғылыми атақ алу үшін диссертация қорғалы жүрмін, мұғалімдікке қызметке алыныңыз екен, —деді.

Бұдан кейін Достаяв тағы сөйлеп кетті. Ол Омбы, Көкшетау облыстарында мұғалім болғандығын баяндай келіп:

—Орыс тілінен, орыс әдебиетінен, қазақ тілінен, казак әдебиетінен, неміс тілінен, неміс әдебиетінен, Батыс Европа елдері тілдері мен әдебиеттерінен сабақ бере аламын. Ал, қосымша тіл керек болса, тағы көре жатармыз, —деді.

Осылай деген соң бұл сөздерге Залманов та ұйып қалды, жел қуалаған қақпақтай болып келе қалған кезбе, суайтты Октябрь ауданындағы Ленин онжылдық мектебіне орыс тілінен сабақ беретін мұғалім етіп жібере салды.

Достаявтың суайттығы мен облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары Залмановтың ашықауыздығын баяндайтын ендігі бір оқыйға осындай.

\* \* \*

Достаявтың қылығын естігенде атакты жазушы Николай Васильевич Гогольдің «Ревизор»-ындағы суайт, өтірікші чиновник Хлестаков еріксіз есіне түседі. Хлестаков Пушкиннің шығармаларын мен шығардым деп те көпірген екен, ревизормын деп дуан басы топас Сквозник-Дмухановскийдің зәресін алып, қорқытқан да екен.



## Балаларға мектептен тыс тәрбие беру туралы

Партиямыздың XIX съезінің қарарла-нда халық ағарту орындарының алды-қыймып отырған міндеттерді жүзеге-ыру жөнінде оқушы балалар арасында-ктептен тыс жүргізілетін тәрбие жұ-астарының айрықша маңызы бар. Бұл-ұмыс мектептерде жоспар бойынша жү-ге асырылып отырылады. Ал, жоспар-ғұрлым тынғылықты, нақтылы жасапса,-ұмыс соғұрлым нәтижелі жүргізіледі.-ктептен тыс жүргізілетін тәрбие жұ-астарының нәтижелі жүргізілуі үшін-ағушылар коллективі тұрақты болуы-рек.

Осы жағдайларды жете ескере отырып,-ағы жылдары, әсіресе, үстіміздегі оқу-алында оқушы балалар арасындағы-астан және мектептен тыс тәрбие жұ-астарын біраз жақсарттық. Мектептен-ас тәрбие жұмыстары бізде оқытушы-ардың басшылығымен және пионер,-сомол ұйымдарының көмегімен мек-птегі түрлі үйірмелер арқылы жүзеге-ырылып келеді.

Мектебімізде әдебиет, хор, драма, мате-тика, жас натуралистер, спорт және «ебер қолдар» үйірмелері жұмыс істей-. Осының ішінде өткен оқу жылынан-рі нәтижелі жұмыс істеп келе жатқан-математика пәнінің үйірмесін айрықша-ап етуге болады. Бұл үйірмені матема-ка пәні оқытушысы Хамзин жолдас-сқарады. Үйірмеде 21 мүше бар. Үйір-нің жұмысы оқушылардың математика-ніне сүйіспеншілігін арттыруға бағыт-лған. Үйірмеде атақты математиктардың-ірі жөнінде баяндамалар жасалады.-йірме мүшелеріне түрлі математикалық

фокустар үйретіледі, оқытушы оларды-танқырлыққа үйретеді. Соңғы уақытта-оқытушы Хамзин жолдас матема-тика үйірмесінің сабағына политех-никалық оқуды жүзеге асырарлық-тай материалдарды пайдаланып жүр.-Үйірме мүшелері математикалық ас-паптар жасау жұмысымен де шұғылдана-ды, мектептегі басқа үйірмелердің жұмысы-да осылай жоспар бойынша жүргізілуде.

Мектепте кітапхана үшін жеке бөлме-жабдықталды. Біз, кітапхананың арнаулы-уақытта яғни түс кезінде бірінші смена-ның сабағы аяқталғаннан кейін, кешке-екінші сменаның сабағы аяқталғаннан-кейін ашық болуын қамтамасыз еттік. Кі-тапхана жыл сайын жаңа кітаптармен-толықтырылып келеді. Қазір кітапханада-500-ден астам кітап бар. Оқушылардың-сабақтан бос уақыттарында көркем әде-биет кітаптарын алып оқуына көп кеңіл-бөлуіміз. Мектептегі 98 оқушының бі-рінші топсаңда 40-тан астамы кітап алып-оқыса, қазір кітап оқушылардың саны-68 адамға жетті. Оқушы Хамзин өткен-және быйығы оқу жылында 58 кітап-алып оқып шықты. Оқушының арнаулы-дөңтері бар. Онда оқыған кітаптарының-аттары және алған әсерлерін жазып-отырады. Мұндай оқушылар мектебімізде-көптеп саналады.

Көркем әдебиет кітаптарын көп оқыған-бала өзінің әлсіздігін, өсіп жетілмегенді-гін мойындамай, үлкен іске ұмтылғып-болады. Шығармадағы кейіпкерлерінің-ізгі қасиеттерін өсінде саяттайды, бала ынталы,-салапты болып өседі, ұнамды кейіпкерлерге-эліктейді, сондай болсам деген қыял жү-

регінен орын алады. Сондықтан бізде әде-биет үйірмесі жұмысының тәрбиелік жа-ғына ерекше назар аударылады.

Пионер, комсомол ұйымдары кластан-тыс тәрбие беру жұмысында оқытушылар-ға елеулі көмек көрсетіп жүр. Мектебіміз-де бұл ұйымдардың жұмыс жоспары да-тәрбиелік жұмысқа бағытталған. Пионер-дружинасының Социалистік Октябрь рево-люциясының 35 жылдығына арналған те-матикалық жыйыны өте қызықты өтті. Бұл күні пионер ұйымы Ұлы Октябрь-Социалистік революциясының 35 жылды-ғына арналған фото-монтаж ұйымдастыр-ды. Аға вожатый Нұртазин фото-мон-таждағы суреттерді пайдалана отырып,-аліміздің өскен техникасы, шаруашылығы,-дәбиеті мен искусствосы, коммунизмнің-мып жұрылыстары, партияның XIX съез-інің тарихи маңызы, ұлы көсеміміз-Сталин туралы сүйсінерліктей қызықты-етін әңгіме айтты.

Комсомол ұйымы оқушыларға саяси-тәрбие беру ісінде көрнекті жұмыстар іс-теуде. Оқытушы Құрманғалиев ұйымның-жұмысына үнемі басшылық жасап отыра-ды. Ол комсомол -жастар лекторийн ұйым-дастырып, саяси тақырыпта лекция оқу-ды жүзеге асыра бастады. Ноябрь айында-комсомолдар мен комсомолда жоқ жастар-үшін «Комсомол— Ленин-Сталин партия-сының сенімді көмекшісі» деген тақы-рыпта лекция оқылды.

Оқушылардың партия мен үкметтің са-ясатына сүйіспеншілігін, әдебиет, искуе-тво, техника және әртүрлі спорт мәселе-леріне қуштарлығын арттыру үшін га-зет, журналдар алдырып оқуды ұйымдас-тырдық. 1953 жылға оқушылар 25 дана «Қазақстан пионері», 15 дана «Лениншіл-жас» және «Ленинская смена» газеттеріне-жазылды. Мектеп оқушылар үшін «Во-жатый», «Пионер», «Пионерская правда»,

«Дружные ребята» сыяқты газет, жур-налдар алдырады. Газет мақалаларын-оқып, талқылау—оқушыларға мектептен-тыс тәрбие берудегі негізгі әдістеріміздің-бірі болып есептеледі.

Пионер, комсомол ұйымдарының мұға-лімдерге ойдағыдай көмек көрсетуінің ар-қасында оқу-тәрбие жұмысының сапасын-жақсартып келеміз, мектебімізде үздік-оқушылардың саны көбейе түсуде. Хам-зин, Кәрішолова, Шәріпсв, Баймбетова,-Алхайдаров, Нұрғалиева, Сибабаева, Еш-мұханов, Дүйсина, Қалкенов сыяқты үз-дік оқушылар мектебіміздің мақтанышы-болып есептеледі.

Оқушы балаларға кластан және мектеп-тен тыс тәрбие беру жұмысы көбінесе-класс жетекшілері арқылы жүргізіледі.-Нұртазин, Құрманғалиев жолдастар сыяқ-ты класс жетекшілері кластан тыс тәр-бие жұмысын жақсарту жолына бар білімі-мен қаблетін жұмсауда. Нұртазин жолдас-жетекші болып істейтін 5 кластың 21-оқушысының бәрі оқуды ойдағыдай үл-гереді. 5 класта көбінесе газет-терден тәрбиелік мәні бар мақалалар-оқу, оқушыларды үйірме жұмыстары-на тарту, қоғам жұмыстарына қатыстыру-сыяқты жұмыстар жүргізіледі. Сол сыяқ-ты, класс жетекшілері ата-аналармен-тығыз байланыс жасап отырады.

Демек, ата-аналармен мектептің байла-нысын жақсарту жөнінде де бірталай жұ-мыстар істелді. Ата-аналардың жалпы жый-налысын өткізіп, онда «Бала тәрбиелеуде-ата-аналар мен мектептің ролі» деген тақы-рыпта баяндама жасалды. Ата-аналар оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда мектептің не-гізгі көмекшісі болып алды. Мектеп ау-данына қарасты учаскторге оқытушы-лардан жауапты адамдар тағайындалып,-ол адамдар белгіленген учасктортерінде пе-дагогикалық насихат жұмысын жүргізіп

отырады.

Партиямыздың XIX-бесжылдық туралы ди-литехникалық оқуды а-тігі айтылған болатын-бірқатар шаралар белгі-калық Советте талқыл-тынбыз. Белгіленген п-биология пәні оқыту-басшылығымен 6-7 кл-ябрь айында колхоз ба-жасады. Колхоз бағб-жолдас оқушыларға әр-тарып көрсетіп, оларды-қалай күту керектігі ж-шылар өз қолдарымен-і жеміс ағаштарының өр-нысты. Конституция пә-Дайыров жолдас оқуш-Советтің жұмысымен т-Физика пәнінің оқыту-дас оқушыларды іштен-гельдермен және басқа-лыстыру үшін жақын-МТС-не экскурсияға ба-

Мектебімізде оқуш-тыс тәрбие беру ісінде-шіліктер бар. Оқуш-үлгеруін әлі де бо-сарта алмай келеміз-ларға мектептен тыс-қажетті істің бірі спор-режесінде жүргізе алмай-натуралистер, шахмат-болса тынғылықты жү-келеді. Бұл айтылған-йып, оқу-тәрбие жұ-онан әрі жақсарту үр-оқытушылар коллектив-аянбай еңбек ете беред-

Октябрь ауданы, 4-мектебінің директор

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакто-партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс етілме